

№30 қазақ орта мектебі



№30 орта мектебі
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының
жылдық есебі
(2022-2023 оқу жылы)

Аға тәлімгер: Жұбатқанова А.

№30 орта мектебі «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық есебі
(2022-2023 оқу жылы)

Ұйымның атауы: «Жас Ұлан» бірыңғай балалармен жасөспірімдер ұйымы

Классары: I. «Жас Қыран» 1-4 класс аралығындағы оқушылар

II. «Жас Ұлан» 5-11 класс аралығындағы оқушылар

Жетекшісі: Жұбатқанова А.М

2022-2023 оқу жылы бойынша мектебімізде Жас Ұлан ұйымында Жас Қырандар саны-375, Жас Ұландар саны-583. Мектебімізде Жас ұлан ұйымы: Зерде, Отан, Руханият, Салауат, Экоәлем, Жеті жарғы, Еңбек бағыттары бойынша мектепшілік түрлі шаралар ұйымдастырылды. Жыл басынан бастап Қалалық Оқушылар сарайында ұйымдастырылатын әр – түрлі шараларға қатысып келеді.

Мектебімізде 8-9 класс оқушыларынан құралған «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмыс жасайды.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы:

1. Мектеп Ұланбасы – Құрманбай Арсен 9 “а” класс оқушысы
2. “Руханият” бағыты - Аманбай Нұрайым 9 “в” класс оқушысы
3. “Зерде” бағыты - Сисенбай Камила 8”А” класс оқушысы
4. "Еңбек" бағыты - Тажниязова Аружан 9"Б" класс оқушысы
5. «Экоәлем» бағыты - Жаңабай Аяулым 9 «А» класс оқушысы
6. "Жеті жарғы" бағыты - Карагулова Алия 8"ә" класс оқушысы
7. «Салауат» бағыты - Мукадинов Алихан 9 «В» класс оқушысы
8. «Отан» бағыты - Жолмырзин Арзат 9 «В» класс оқушысы

Нәтижелері:


Мектебімізде отбасы күніне орай “Отан-отбасынан басталады” апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Жас ұлан» ұйымы мүшелері мен дене шынықтыру пәні мұғалімдері ұйымдастыруымен 16.09.2022 “Әкем, Анам және Мен” тақырыбында 4-класс оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен отбасылық спорттық эстафета ұйымдастырылды. Спорттық эстафетаның барлық бөлімдерінің тапсырмаларын толық орындап, жоғары нәтиже көрсеткен отбасылар жүлделі орындармен марапатталды. III орын - 4”В”, 4”Г” класы.



19.09.2022 ж I, II кезең оқушыларына арналған дүйсенбілік дәстүрлі жиын ұйымдастырылды. Жиын барысында 22 қыркүйек күні мектебімізде болатын Парламент өзін-өзі басқару ұйымы Президентіне үміткер оқушылар өз бағдарламасымен таныстырды.



24.09.2023ж "Таза қалам- Ақтөбем" жалпы қалалық сенбілік аясында мектебіміздің "Жан жылуы" жастар еріктілер командасы, «Парламент» өзін- өзі басқару ұйымының мүшелері, "Жас ұлан" ұйымының мүшелері №37 орта мектебінің челленджін қабылдап, "Біз таза қаламыз үшін!" ұранымен сенбілік жұмыстарын жүргізді. сенбілік жұмыстарын жүргізді.



27.09.2022 жылы «Жас Ұлан» ұйымы мектепшілік «Парламент» өзін - өзі басқару ұйымының Президенті және бөлім басшыларын ұлықтау рәсімі ұйымдастырды. Рәсім барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы кіргізіліп, Гимні орындалды. Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті Әділбекұлы Бақыт сайлау алды ұсынған бағдарламасы бойынша жүйелі жұмыстарды жүзеге асыратыны айтып, салтанатты түрде ант берді.

06.10.2022ж 3 класс оқушылары арасында қалалық “Ең үздік математик” сайысының мектепшілік кезеңі ұйымдастырылды.

Мектебімізде 3 класс оқушылары арасында қалалық “Ең үздік математик” сайысының мектепшілік кезеңі ұйымдастырылды.

Сайыс қорытындысы:

3”Б” класс оқушысы Мырзагерей Мирас I орын, қалалық кезеңге жолдама;

3”А” класс оқушысы Абай Әділ II орын;

3”Ә” класс оқушысы Нұрлан Азамат II орын;

3”Б” класс оқушысы Ерлан Нұрیمان III орын;

3”Б” класс оқушысы Табыс Мерей III орын;

3”В” класс оқушысы Салиман Айзере III орын;

3”Ә” класс оқушысы Өмірғалиев Нұртас III орын;

3””А” класс оқушысы Ақуан Шахмардан мадақтама

3”Ә” класс оқушысы Асқарұлы Сұлтан мадақтама;

3”В” класс оқушысы Аяпов Исмаил мадақтама.





Сайыс қорытындысы бойынша 3”Б” класс оқушысы Мырзагерей Мирас I орын иеленіп, қалалық кезеңге жолдама алды. Қалалық кезең қорытындысы бойынша жүлделі III орынды иеленіп келді.

11.10.2022ж “Жас Ұлан” ұйымының ұйымдастыруымен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің алдын алу мақсатында 3 класс оқушыларына “Сіріңке балаға ойыншық емес” тақырыбында іс-шара өтті. Мақсаты: оқушыларға сіріңкенің қауіпсіздік ережесін жетік білудің маңызын ұғындыру, өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау туралы түсінік беру. Іс-шара соңында оқушыларға қауіпсіздік ережелері жазылған ескерту парақшалары таратылды.





13.10.2022ж мектебімізде “Жас Ұлан” ұйымы 2-3 класс оқушыларына “Жолда жүру ережесін білесің бе?” тақырыбында жолда жүру ережелерін, жол белгілері мен бағдаршамның атқаратын қызметі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.





30_orta_mektep



30_orta_mektep



30_орта мектеп **жас ұлан** мүшелері
30_орта_mektep

17.10.2022ж 25-қазан Республика күнін мерекелеу іс-шаралар жоспарына сәйкес "Менің елім" Мемлекеттік Гимн орындау шарасы ұйымдастырылды. Мемлекеттік Гимн орындауға «Жас ұлан» ұйымының мүшелері белсене қатысты.

18.10.2022ж “Жас Ұлан” бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен 25 қазан -Республика күніне орай “Менің Рәміздерім - менің Қазақстаным” тақырыбында 5 класс оқушылары арасында интеллектуалды - сайыс өткізілді. Қатысушылар түрлі кезеңдер бойынша сайысқа түсіп, білімдерін сынады. Сайыс соңында қорытындыланып оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.





26,28-29.10.2022ж мектебімізде “Арайлы алтын күз” мерекесі қарсаңында 5-6 класс арулары арасында “Күз ханшайымы-2022” байқауы, 7-8 класс арасында “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2022” байқауы, 9-11 класс оқушылары арасында “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2022” кеші ұйымдастырылды. Әр класс бірнеше бөлім бойынша сынға түсті. Жеңімпаз атанған класс оқушылары арнайы мектеп мадақтама қағазымен және сыйлықтармен марапатталды.



“Күз ханшайымы - 2022”

Мектебіміздің 3-4 класс қыз балалары қатысады!
Байқау материалдары 25.10.2022 жылы мектеп инстаграмм парақшасында жарияланады!

Байқау шарттары:

1. ТАНЫСТЫРУ (1минуттық эстетикалық талғамға сай видео жұмыс)
2. “Менің өнерім” (ән, би, қолөнер, өлең оқу, аспаздық өнер, спорт өнері т.б 1минуттық видео түрінде)

Байқау қорытындысы әділқазы алқаларының шешімімен шығарылады!



11.11.2022ж мектебімізде “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының Кеңес мүшелері “Құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, түрлі тапсырмалар орындады. Алдағы уақытта мектеп оқушыларына құқықбұзушылық тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізетіндігін айтып дөңгелек үстелді қорытындылады.



14.11.2022 ж «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Салауат» бағыты үзіліс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Көңілді қоңырау. Қол күресі» жарысын өткізді.




17.11.2022 ж мектебімізде «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Экоәлем» бағыты табиғатты сақтау, қорғау мақсатында мектеп оқушылары мен ұстаздарына үзіліс кезінде «Save world together» яғни «Әлемді бірге сақтайық» акциясын ұйымдастырды.



21.11.2022ж Үзіліс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында “Жас Ұлан” ұйымының “Зерде” бағыты “Көңілді қоңырау” шарасын ұйымдастырды.



24.11.2022ж Үзіліс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында “Жас Ұлан” ұйымының “Еңбек” бағыты “Көңілді қоңырау” шарасын ұйымдастырды.



09.12.2022ж балалар жылы аясында мектебімізде “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен “Жайдарман” ойыны ұйымдастырылды. Ойынға 8”А”, 8”Ә”, 8”Б”, 8”В”, 9”В” кластарының командалары өз әзілдерін ұсынды. Ойын қорытындысы бойынша 8”Ә” класының “Біртүрлі жандар” командасы жеңімпаз атанды.



12.12.2022жҮзіліс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында “Жас Ұлан” ұйымының “Руханият” бағыты “Көңілді қоңырау” шарасын ұйымдастырды.



14.12.2022ж мектебімізде “Біз тәуелсіз ел ұланы, Болашаққа үн қосқан” тақырыбында Республикалық “Жас Ұлан” бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына 2-5 класс оқушыларын қабылдау салтанатты жиыны ұйымдастырылды. “Жас Қыран” 106 оқушыға, “Жас Ұлан” қатары 102 оқушыға толықты.




“Балалар жылы” аясында ұйымдастырылған “Үздік класс” әуесқой мобилографтар байқауына белсенді қатысқан 6”Б” класының жасұландықтары Алғыс хат иеленді.



21.12.2023ж “Балалар жылы” аясында ұйымдастырылған “Ең үздік математик” зияткерлік байқауында үздік нәтиже көрсетіп, білімін сынаған “Б” класының жас қыран мүшесі Мырзагерей Мирас III ОРЫН иеленді.




25.01.2023 ж 25 қаңтар мен 3 ақпан аралығында “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымы мен “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының бірлескен апталығы ұйымдастырылады. Осы мақсатта ұйым басшылары мектеп оқушыларын апталыққа белсенді әрі қызығушылықпен қатысуға шақырды.



26.01.2023ж өзін-өзі басқару ұйымының өкілдері «Мектеп өмірінен қызықты сұрақтар айдары» тақырыбында апталық аясында ұйымдастырылатын іс – шара негізінде мектеп оқушыларынан сұрақтарға жауаптар алды. Іс-шара мектеп инстаграмм парақшасына жүктелді.



29.01.2023ж өзін өзі басқару ұйымдарының «Эко әлем» бағытының өкілдері «Гүлдерді аялайық!» ұранымен мектеп оқушыларына гүлдерді қалай баптап, өсіру керектігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



30.01.2023ж «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы мектеп оқушыларының қоңырау кезіндегі бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Көңілді қоңырау “Қазақтың ұлттық ойындары” айдарын ұйымдастырды.

31.01.2023ж мектебімізде “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспарына сәйкес 6 класс оқушылары арасында “Мемлекеттік рәміздерді білесіз бе?” интеллектуалдық сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа әр кластан бір команда қатысты. Олар:

6 а класы - Қыран тобы

6ә класы - Алаш тобы

6 б класы - ЖасStar тобы

6в класы - Бірлік тобы

6г класы - Болашақ тобы. Сайыс қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған 6 “Б” класының “ЖасStar” тобы жеңіске жетті.



03.02.2023ж “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының апталық іс-шаралар жоспарына сәйкес 6 класс оқушыларына “Спирит: Дала рухы” атты кинотерапия ұйымдастырды.



03.02.2023ж мектебімізде “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының апталық іс-шаралар жоспарына сәйкес “Б.П әлеуметтік желіні жою керек д.е” тақырыбында “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымы мен “Жас ұлан” балалар мен жасөспірімдер мүшелері арасында жолдастық кездесу ұйымдастырды.



28.02.2023ж «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы 1наурыз-Алғыс айту күніне орай қызықты да көңілді шаралар ұйымдастырып, мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды.



06.03.2023ж «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы 8наурыз мерекесіне орай ардақты аналарды, аяулы ұстаздарды, ару қыздарды мерекелерімен құттықтап, өз қолдарымен жасаған гүл шоқтарын сыйлады.



16.03.2023ж Мектебімізде Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесін тойлауға арналған іс-шаралар жоспары аясында “Қош келдің, Өз- Наурыз” мерекелік концертті ұйымдастырылды. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мектеп кеңесі мерекелік концерттің драмалық көрінісін жоғары деңгейде ұйымдастырды.



22.03.2023 ж Ұлыстың Ұлы мерекесі- Әз-Наурызды қарсы алу шарасына №30 ұжымы да өз үлестерін қосты. Абай даңғылында Наурыз мерекесіне арналған концерттік бағдарламада мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мектеп кеңесі белсенді қатысты.



04.04.2023ж мектебімізде II кезең оқушыларына дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын мектепішілік жиын өтті. Мектепішілік жиын аясында оқушыларға

- *мектептің ішкі тәртібі;
- *құқықбұзушылықтың алдын алу;

*зиянды заттардың алдын алу ережелері түсіндірілді.

Сонымен қатар, жиын барысында спорт, өнер, шығармашылық сайыстарда жүлделі орын алған оқушылар марапатталды.



06.04.2023ж. Қалалық Оқушылар сарайында облыстық деңгейдегі “Мектеп аруы-2023” байқауы ұйымдастырылды. Байқауда қаламыздың 15 аруы таныстыру, өз өнері, қол өнер сайыстары бойынша бақ сынады. Осы байқауда мектебіміздің атынан шыққан “Жас Ұлан” ұйымының мүшесі, 10”Ә” класс оқушысы Омарова Аружан “Білімді ару” номинациясын жеңіп алды.



25.04.2023 ж мектебімізде марапаттау жиыны өткізілді. Мектебіміздің қалалық, облыстық, республикалық деңгейде білім, спорт, патриоттық тәрбие, шығармашылық жағынан жеңімпаз атанған білім алушыларымыз марапатталды. Сонымен қатар, тоғызқұмалақтан Республикалық Ұлттық Мектеп Лигасы жарысында I орын иеленген білім алушыларымыз, “Ұшқыр-ой алаңы” дебат турнирінен жүлделі I орын иеленген команда мүшелері, “Жас жауынгер-2023” әскери-қолданбалы спорт түрлері жарысында II орын иеленген команда мүшелері марапатталды.



4.05.2023 ж 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Бар өмірін әскери іске арнап, күн-түн қатып, елін, жерін қорғап, өз қызметін мінсіз атқарып келе жатқан жауынгерлерге алғыстарын білдіріп, мерекемен құттықтау видео ұсынды. Жұмыс мектептің инстаграмм парақшасына жарияланды.



05.05.2023ж мектебімізде білім алушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында 7- мамыр Отан қорғаушылар күніне орай Қ.Қайсенов атындағы “Қаһарман” әскери-патриоттық клуб мүшелері арасында дәстүрлі түрде өтетін “Жас ұлан” әскери-саптық байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 5-8 класс аралығында барлығы 168 білім алушы қатысты.



19.05.2023ж Бүгін мектебімізде “Менің мектебім буллингке қарсы!” атты жалпы республикалық флешмоб ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты: қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне саналы көзқарасын аудару.



25.05.2023ж 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша мектептің түрлі шараларына қатысып белсенділік танытқан «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің ата-аналарына мектеп директоры салтанатты алғыс хат табыстады.



31.05.2023ж 2022-2023 оқу жылының қорытындысына арналған “Үздіктер шеруі” өткізілді. Шеруде жыл қорытындысы бойынша үздік білім алушылар мен білім,өнер, шығармашылық , спорт саласынан жетістіктерге жеткен «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелері әр сала бойынша марапатталды.

